

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,
Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute
Institute, Astana, Kazakhstan
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,
Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkeпова K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryzhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ABYLOVA G.E., ARIPZHAN G.Zh.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA V.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

САҒЫНАДИН Г.	Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері.....	231
ТОҚСАМБАЕВА А.О. ҚАДЫРОВ А.Қ. ҚАБЫШЕВ Т.Б.	Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі.....	242

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

АЗАТБАҚЫТ А.А., КАРТАЕВА А.М., ТАМАЕВ А.Т.	М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық негіздері.....	260
ASAVBAEVA G.B., YEREZHNEPOVA S.K. ZHUMSAKBAYEV A.T.	Teaching languages in technical universities.....	272

XҒТАР 17.01.39

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.11>

Г.Б. ТҮСІПОВА¹ 

*Л.Н. ДӘУРЕНБЕКОВА² 

Абердин университеті, Абердин, Ұлыбритания¹

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты,

Астана, Қазақстан²

(e-mail: gulshat.bakytjan@gmail.com¹, daurenbekova.laura@mail.ru²)

***АЛАШ КЕЗЕҢІНДЕГІ АУДАРМА: Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ – ДЖ.ЛОНДОН ӘҢГІМЕЛЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТҰҢҒЫШ АУДАРУШЫ**

Аңдатпа. Көркем аударма салыстырмалы әдебиеттанудың белсенді бір негізі екендігі даусыз, ендеше олардың байланысын жүйелі зерттеудің зәрулігі көп. Түпнұсқадағы айтылған ой ана тілінде қандай құнды болса, оның мазмұндық, мағыналық, пішіндік құндылықтарын сақтай отырып өзге тілге аударудың тауқыметі жетерлік. Аудармашы жұмысының психологиялық, әдеби, тілдік, әлеуметтік сияқты сан түрлі қырлары бар екені тағы да белгілі. Түпнұсқадағы ақпараттық фон, яғни ұлттық ерекше ұғымдар, менталдық психологияға байланысты түсініктер, жанрлық ерекшелік, шығарманың әдеби ағым мен бағытқа қатысы, оның аударма тіліндегі ерекшеліктері және т.б. негіздерді ескере отырып ағылшын тілінен қазақ тіліне әр уақытта аударылған әңгімелердің нұсқаларын арнайы зерттеудің, яғни замана қойған сын-талаптарын ескере отырып, тәржіманың орындалу мақсатын, түпнұсқа мен аударма мәтін арасындағы баламалық пен сәйкестік дәрежесін, автор мен аудармашының ұстанымының байланысын, аудармашылық қағидаларды қолданудағы мақсат-мүддесін анықтауға тырысудың ғылыми-тәжірибелік мәні аз емес. Мақалада Дж. Лондонның қазақ тіліне аударылған екі әңгімесі түпнұсқамен салыстырылып, аударма дәлдігі, автордың идеясын берудегі аудармашы сүйенген әдіс-тәсілдер зерттеп-зерделенеді.

Түйін сөздер: Қазақ аударматануы, алаш кезеңіндегі аударма, жанр аудармасы, Қазақ-Американ әдеби байланысы, әңгімелерді қазақ тіліне аудару, Америка әңгімелері, Дж. Лондон, Ж. Аймауытұлы.

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР 19679312 «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортақ құндылықтар» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Кіріспе. ХХ ғасыр басында алаш зиялыларының ұлттық сананы қалыптастыру үшін оқу-ағарту мақсатында жасаған еңбектерінің ішінде көркем аудармаларын ерекше атағанымыз маңызды. Олар саяси күрес арқылы ғана емес, мәдени-рухани күреспен ұлттың санасын ояту үшін, Америка, Англия, Еуропа әдебиетінің бірқатар туындыларын қазақ тілінде сөйлетті. Аудармалардың қандай дәрежеде, қандай мақсатта аударылғанын бағамдау үшін олардың түпнұсқадан, ара тілден салыстырылғаны дұрыс.

Көркем аударма салыстырмалы әдебиеттанудың белсенді бір негізі, сондықтан да олардың байланысын жүйелі зерттеу маңызды. Түпнұсқадағы айтылған ой ана тілінде белгілі бір құндылықтарға ие [1, 63-64]. Оның мазмұндық, мағыналық, жанрлық құндылықтарын сақтай отырып өзге тілге аударудың қиындығы көп. Сондықтан да, аударманы бағалау кезінде осы мәселелерге көңіл аударылса, аударманы жүйелі талдауға жол ашылатындай.

Түпнұсқадағы жанр, ақпараттық фон, ұлттық ұғымдар, мәдени ерекшеліктерге байланысты түсініктер сынды ерекшеліктерін ескере отырып ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған әңгімелердің нұсқаларын арнайы зерттеудің ғылыми-тәжірибелік маңызы зор. Өйткені осыларды зерделеу арқылы біз әдеби байланыстың қалай жүзеге асқанын нақты бақылай аламыз. Көркем шығарма аудармасын талдауда осы мәселелерге тоқталу көптеген құнды ақпарат береді. Яғни, жанр, автор идеясының, мақсатын, сөз саптау мәнерінің аудармада берілуін зерттеу арқылы аударманың орындалу мақсатын анықтауға болады. Сонымен қатар, түпнұсқа мен аударма мәтін арасындағы баламалық дәрежесін зерттеуге, автор мен аудармашының ұстанымдарының арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды білуге көмектеседі. Осы аталған мәселелерге орай, бұл мақаланың негізгі мақсаттары:

– Дж.Лондон әңгімелерінің қазақ және орыс тіліндегі аудармаларын салыстыру арқылы автордың идеясының, бейнелік жүйелердің қазақ тілінде қалай берілуін зерделеу;

– Америка мен Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры табиғатындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді зерделеу;

– автор мен аудармашының ұстанымдарын (принциптерін) зерттеу; автордың ойларын беру үшін аудармашының пайдаланған әдістерін зерделеу. алаш кезеңіндегі аудармаға зерттеу жүргізу.

Ж. Аймауытұлы аудармашы ретінде қазақ әдебиеті мен орыстың және дүниежүзілік классикалық әдебиеттің шығармашылық байланысын ұлғайтуға көп күш жұмсады. Қазір оның аударуымен басылған Дж. Лондонның «Күштілердің күші», «Теңсіз телегей аттаныс», Н.В. Гогольдің «Бақылаушы», А.С. Пушкиннің «Тас мейман», «Сараң сері», А. Дюманың «Дәмелі», К. Берковичтің «Өрбике», С. Чуйковтың «Тау еліндегі оқиға» атты шығармалары белгілі болды. Сонымен бірге Ги де Мопассаннан, Р. Тагордан, М. Горькийден аударған шығармаларын ол кезінде баспасөзде жариялаған.

Бұлардан басқа Ж.Аймауытұлы бірқатар саяси, тарихи еңбектерді, оқулықтарды қазақшаға аударуға қатысқан.

Аталған мақаламызда Джек Лондонның «Теңсіз, телегей аттаным» және «Күштілердің күші» атты екі әңгімесін және олардың орыс және қазақ тіліндегі аудармаларымен салыстыра қарастырамыз.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Көркем аударманы жанр, мәдени ерекшеліктер, көркем тіл, фондық ақпараттың берілуі тұрғысынан зерттеу дегеніміз – шығарманың маңызды бөлшектерді талдау және осы аталған дүниелердің аудармада берілу дәрежесін анықтауды білдіреді [2, 32]. Өйткені, әр жанрдың пішінін автор өз ойын, идеясын білдіруге лайық деп тауып оны жеке көзқарасын, идеясын білдіруге пайдаланады. Автор шығармасындағы идея мен тақырыпқа келсек, академик З. Қабдолов ол туралы былай дейді: «егер тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы дер едік» [3, 74]. Аударманы зерттеудегі жанрлық тұрғы дегеніміздің өзі зерттеу немесе аудару нысаны болып отырған әдеби шығарманың (біздің жағдайымызда) жанры, жанрлық ерекшелігі, авторлық концепция, жазылған тарихи дәуірі, ағымы мен бағыты, ондағы фондық ақпарат беруші бірліктер және т.б көптеген маңызды бөлшектерді талдау және осы аталған дүниелердің аудармада берілу дәрежесін анықтайды. Әр жанрдың пішінін автор өз ойын, идеясын білдіруге лайық деп тауып оны жеке көзқарасын білдіруге пайдаланады. Түпнұсқадағы осы фактілерді елеп-ескермей, көркем мәтін аудармасына аударманың жалпы теориялық ережелерін, әдіс-тәсілдерін жаппай қолдана беру әдістемелік тұрғыдан ығи дұрыс бола бермейді.

Ал автордың стильдік ерекшеліктерін айқындау үшін түпнұсқа мәтінді сегменттерге бөлеміз. Мәтінді сегменттеу дегеніміз – түпнұсқа мәтіндегі мәні маңызды бөлшектерді анықтап алу [4, 19]. Содан соң оларды аудармада берілуін салыстыра отырып талдаймыз, бағалаймыз. Мысалы, кейіпкерлердің сөз саптауы, қолданылатын теңеулер және т.т. Түпнұсқадағы осы фактілерді елеп-ескермей, көркем мәтін аудармасына аударманың жалпы теориялық ережелерін, әдіс-тәсілдерін жаппай қолдана беру әдістемелік тұрғыдан ығи дұрыс бола бермейді. Осы тұрғыдан алғанда әдебиеттанушы Т. Есембеков пен А. Әбдірәсілқызының мына пікірі назар аударарлық: «Әдебиетшілер аударманы әдебиет процесі деп қарастырып, көркем аударма теориясын ұсынса, лингвистер түпнұсқа мен аударма арасындағы сәйкестік нормасын сақтау туралы жүйе қалыптастыруды талап етеді. Ал «Диуани хикмет» аудармаларына келгенде бұл тұжырымдарды осы қалпында пайдалану шектеулі» [5, 21]. Демек, әр жанрдың өз ерекшеліктеріне байланысты, яғни оның дүниеге келген әдебиеті, тілі, бағыты, ағымы, шығарма жазылған тілдің, елдің менталдық ерекшеліктері, әдет-ғұрпы, дәстүрі, дүниетанымын зерттемей,

білмей аударматанудағы әмбебап қағидаларды кез-келген әдеби жанрға, әдеби шығармаға қолдана беруге болмайды. Оның үстіне жанрдың, оның ішінде біз қарастырып отырған көркем әңгіменің өзіндік ерекшеліктерін (композиция, сюжет құрылымы т.т.) де ескеру қажет. Себебі, Батыс әдебиетінде әңгіме жанрында қысқа сөз саптау, ойдың жинақылығы алғашқы орынға шығарылған. Ал романда эпикалық стильге тән ұзақ сөйлемдер көбірек кездеседі. Осындай ерекше белгілерді аударманы бағалаған уақытта ескеру қажеттілігі туындайды.

Аудармашының аударылатын шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне мән беруі қажеттігін атап айтудың себептері көп. «...Жанр құрылымында, кәдуілгі аккумулятордағы сияқты, ғажайып, әрі көп қырлы мазмұн қуаты бар. Ол ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы жанрдың дамуы барысында оның бойына жиынтықталған» [6, 125] – деп көрсетсе, Г. Гачев пен В. Кожина. Ал, «Әдеби жанр шығу тегіне қарай әдебиеттің дамуындағы ең орнықты, «мәңгілік» белгілерін сақтап, айқындап тұрады» [7, 129] – дейді М. Бахтин. Демек, аударма барысында жанр табиғатының ерекшеліктеріне мән берудің маңызы зор. Жанрдың көлемі, баяндау көкжиегі, композициясы кейіпкер саны, сюжеті, хронотобы сияқты өзіндік ерекшеліктерін зерттеу арқылы бір мезгілде өзге ел әдебиетіндегі осыған ұқсас ерекшеліктері бар әдеби нұсқаларды да салыстырып, салғастыруға болады. Себебі, әдетте әдеби байланыстар заңдылығы бойынша көбіне ұлттық прозада бар, ұқсас көркем үлгілер жиі аударылады. Өйткені ұлттық әдебиет аударма арқылы көркем әдіс-тәсілдерді ұштай, жетілдіре түседі, синтездейді. Бұл ұлттық әдеби байланыстардың қай бағытта дамығанын, өзіндік ерекшелігіне байланысты қандай көркем әдістер мен тәсілдерге көбірек назар аударғанын, сонымен қатар, аудармашының да ұстанымдарын айқындай түседі. Аудармаға бағалау жүргізгенде осы негіздерге сүйенуіміз керек. Демек, әдеби жанр қандай да бір ел әдебиетінің ерекшеліктерін танытады. Сондықтан, аударманың жанрына қарай екі ел әдебиетіндегі жанрдың ерекшеліктеріне зерттеу жүргізу міндетті.

Ағылшын тілді әдебиетте әңгіменің қысқалығы әу бастан алға шығарылған белгі болса, орыс әңгімесінде XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында оның көлемінен гөрі мазмұнына көп көңіл бөлінді. Ағылшын тіліндегі әңгімеде көлемге маңыз беруілуінің өзі оның мәтінінің тығыз болуына әсер етті. Яғни, пейзаж, статикалық баяндауды көлем көтермейтін еді. Сондықтан кейіпкер портретін сөзі, қимылы, іс-әрекеті арқылы сездіру сынды әдіс-тәсілдер тез дамыды. Бір әдеби тәсіл, мысалы, диалогтың өзі көпқызметті (көпфункционалы) құрал ретінде дамыды, күрделенді. Осыған орай, әңгімені аударуда шығу тегі мен оның қалыптасуындағы ерекшеліктеріне мән беру маңызды.

Аударма барысында жанр табиғатының ерекшеліктеріне мән берудің маңызы зор. Жанр табиғатының көлемі, баяндау көкжиегі, композициясы, кейіпкер саны, сюжеті, хронотобы сияқты өзіндік ерекшеліктерін зерттеу

арқылы бір мезгілде өзге ел әдебиетіндегі осыған ұқсас ерекшеліктері бар әдеби нұсқаларды да салыстырып, салғастыруға болады. Себебі, әдетте әдеби байланыстар заңдылығы бойынша, аударма жасалғанда, көбіне ұлттық прозада бар үлгілер немесе дамып жатқан үлгілер мен түрлер белсенді аударылады. Өйткені ұлттық әдебиет аударма арқылы көркем әдістер мен тәсілдерді үйренеді, оқырманды дайындайды, шеберлік ұштайды, синтездейді. Аударма ұлттық әдеби байланыстардың қай бағытта дамығанын, нендей мақсатқа қызмет еткенін, анық көрсетеді.

Сонымен қатар, жанр аясында автор өз идеясын беру шеберлігі, сөз саптау стилі сынды ерекшеліктері де көп. Бұл мәселе де кешенді зерттеу аясына кіреді. Аударма барысында жүретін осы үдерістерді зерттеу, зерделеу маңызды. Бұл мәселелерді ашуға материал жеткілікті. Өйткені ағылшын тілінен 150-ге жуық әңгіме аударылған. Әңгімелерді және олардың аудармаларын зерделеу барысында қалыптасып үлгерген әдіс-тәсілдерді, ұстанымдарды ашып көрсетуге болады.

Сонымен, аударманы жанрлық тұрғыдан алып зерттеу – аударманы зерттеудің кешенді үлгісі. Ол үшін жанрдың шығу тегі, ағымы, автордың стилі жан-жақты зерттеліп алынуы қажет. Бұл зерттеудің нәтижесінде маңызды мәтін бөліктері айқындалады. Аударманы зерттеудің кешенді әдісінің бұл кезеңі әдебиет амалдарына сүйеніп жүргізіледі. Атап айтқанда, жанр ерекшелігін талдау, автордың стилін зерттеу, жиі қолданатын әдеби әдіс-тәсілдерін айқындау. Бір сөзбен айтқанда, шығарманың идеясын тану кіреді.

Аударманы кешенді зерттеудің екінші, келесі кезеңінде тіл амалдарына сүйенеміз. Ол сөздің, сөйлемнің, синтаксистік құрылымдардың түпнұсқадағы мәнінің аудармада берілуіне жүргізілетін талдау. Осы аталған кешенді талдау нәтижесінде жанр ерекшеліктерінің, автор стилінің аудармада қандай деңгейде берілгені анықталады. Аударма әдеби байланыстарды дамытатын өнімді сала. Оның ішінде аударма типологиялық байланыстарды дамытатын сала. Бұл – аударушы жақ өз әдебиетіне зәру жанрға назар аударады деген сөз. Қазақ аударма тарихында ағылшын тілді әдебиеттен әңгімелер аудару ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында кең өріс алды. Себебі, осы кезеңде қазақ әдебиетінде әңгіме жанрын меңгеру, оның шеберлігін ұштау үдерісі қарқынды жүріп жатқан болатын.

Осы айтылған ұстанымдарға орай, біз Дж. Лондонның әңгімелерін талдағанда, біріншіден автордың әңгімелерді жазудағы мақсатына, идеясына және таңдаған жанрына мән бердік, оларды сипаттадық. Екіншіден, автордың сөз саптау мәнерін, қолданған көркем теңеулерін айқындадық. Содан соң, осы бірліктердің аудармада қалай берілгенін сараптай отырып, талдау жасадық. Нәтижесінде автор мен аударманың арасындағы жақындық пен алшақ түскен тұстарын көрсетуге тырыстық.

Талқылау мен бақылау. Дж. Лондонның «The strength of the strong» және «The unparalleled invasion» атты екі әңгімесі қазақ тіліне 1925 жылы аударылған. Аудармашысы Жүсіпбек Аймауытұлы. Жалпы, бұл Америка әдебиетінен қазақ тіліне жасалған тұңғыш аударма. Аударма әдебиеттегі Алаш кезеңінде жасалған. Жүсіпбек Аймауытұлы аудармашы ретінде, қазақ әдебиеті мен орыстың және дүниежүзілік классикалық әдебиеттің шығармашылық байланысын кеңейтуге көп еңбек еткен тұлға. Ол ақын, жазушы, публицист, драматург, қазақ әдебиетін қалыптастырушы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы, әрі мемлекеттің саяси өміріне белсенді араласқан қайраткер болған. Жүсіпбек Аймауытұлы 1931 жылы қазақ ұлт зиялыларын жаппай қуғын-сүргін кезеңінде атылған.

Жазушы ретінде, Дж. Лондон табиғат көріністерін адам психологиясымен астастыра суреттеу, сол арқылы кейіпкердің ішкі сезімдеріне бойлау, оны түсіндіру әдістерін шебер меңгерген. Автор стиліне ішкі сюжетті дамыту тән. Әсіресе, бұл әдісті кеңінен қолдану, шарықтау шегіне жеткізу автордың «Солтүстік» тақырыбындағы әңгімелерінен кең көрініс береді. Сыртқы сюжет ырғағының баяулығы, керісінше ішкі сюжеттің интенсивтілігі бас кейіпкердің іс-әрекетінің портреті, монолог, кейіпкердің ішкі диалогы, автормен диалогтарынан айқын көрінеді [4, 32]. Демек, бұл сегменттер, яғни портрет, монолог, диалогтар автор әңгімелеріндегі маңызды бөлшектер. Енді осы маңызды бөлшектердің (сегменттердің) қазақ тіліне қалай аударылғанын талдайық.

«The strength of the strong» атты әңгіме «Күштілердің күші» деген атаумен «Лениншіл жас» газетінің 6-7 сандарында жариялаған. Аудармаға Джек Лондоннан дей келе, аудармашы Жүсіпбек Аймауытұлы деп қол қойған. Аударма сатылы түрде жасалған. Түпнұсқа ретінде Джек Лондонның 1924 жылы Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген «Сила сильных» атты кітабын алған. Әңгіменің түпнұсқасы 1910 жылы «Хэмптон» журналында жарық көрген. Ол Дж. Лондонның адам еңбегін қанау жүйесіне, капиталистік езгіге қарсы, саяси тақырыпта тәмсіл пішінінде жазған әңгімелерінің бірі. Ж. Аймауытұлының сол кезеңде әлемге әйгілі Лондонның көптеген танымал шығармаларының арасынан, осы әңгімелерді таңдап алуына екі себеп бар: біріншісі, бірігуге шақыру; екіншісі, әңгімелердің екеуінің де композициясы қазақ прозасында қалыптасқан, қабылдаушыға таныс тәмсіл пішінде болғандығы.

«The strength of the strong» әңгімесі композициясының қазақ ауыз әдебиетіндегі «әңгіме» пішініне жақын болуы аудару барысында жеңілдік тудырған. Себебі, қазақ әдеби тілінде ХХ ғасырдың басында жазба проза жанры енді-енді дамып, жаңа формалар енді ғана еніп жатқан кез еді. Көбіне оқырманға ауыз әдебиеті үлгісінде жазылған шығармалар түсінікті болатын [8, 98]. Мысалы, әңгімедегі оқиғаның барысын кейіпкер баяндауы арқылы береді. Кейіпкер-баяндаушы айналасындағы немерелеріне тайпа болып бірікпей

тұрғанда өмірлерінің тартыспен өткенін, содан кейін бастары бірігіп өмір сүрген соң жағдайлары жақсара бастағанын, бірақ тайпа басшыларының олардың еңбектерін қанағаны туралы әңгімелейді. Ең соңында тайпаның өсіп-өркендеуі үшін әділетті қызмет атқару керек деп әңгімесін аяқтайды. Әңгіме бастан-аяқ кейіпкердің сөзімен берілген. Ондағы ортаны, әлеуметтік қарым-қатынастарды, өзге кейіпкерлерді бағалау, пайымдау бір ғана кейіпкер-баяндаушы тұрғысынан беріледі. Сюжетті дамыту қызметін тыңдаушылар қойып отыратын сұрақтар атқарады. Диалогтардағы сөз ағымдары өз кейіпкерлеріне тән, олардың психологиялық күйлерінен хабар беріп тұрады.

Шығарманың аудармасын тексергенде, мазмұн мен жекелеген мағыналық бөлшектер толық берілгені анықталды. Қысқарту кездеспейді. Аударма көлемге-көлем шыққан. Аудармашы көбіне теңеулер жүйесін беруде аналог табу тәсілін кеңінен қолданып отырады. Аналог табу тәсілі – түпнұсқадағы ақпаратты бірліктерге ана тілінде сәйкес келетін құрылымдарды пайдалану деген сөз [4, 62]. Мысалы, «In appearance they were much the same» [9,14] – деген сөйлем орыс тілінде: «Они были похожи друг на друга» [10, 31] – деп аударылған. Бұл жай ғана ұқсас дегенді білдіріп тұр. Ал түпнұсқадағы «much the same» деген тіркесті сөзбе-сөз аударсақ: «они были очень похожи, почти одинаковые» дегенді білдіреді. Яғни, орыс тілінде бұл мағына қалып қойған. Ал қазақ тіліндегі аудармада бұл: «Үшеуі үйелмелі-сүйелмелі, бір-біріне сойып қаптағандай бейнелес» [11, 226], – деп берілген. Яғни, орыс тілінде түсіп қалған «much the same» қазақ тілінде «сойып қаптағандай бейнелес» сөзі арқылы беріліп тұр. Нәтижесінде, қазақ тіліндегі аударма орыс тіліндегі аудармаға қарағанда түпнұсқаға жақын болып шыққан.

Бозбалалардың сырт бейнесін суреттеуде: «They were lean and meager of build, narrow-hipped and crooked legged, and at the same time deep-chested, with heavy arms and enormous hands» [9, 17] – сөйлемдері орыс тіліне: «Они были худыми и нескладными, узкобедрые и кривоногие и в то же время широкие в груди, тяжелоплечие и с огромными руками» [10, 33] – деп еш қалдырып кетулерсіз, сөйлемнің құрылымы мен сөз реті толық аударылған. Қазақ тілінде: «Бұлар ашаң келген, қырыққан серке борбайлы, денесі сымбатты, таза кеуделі, алып білекті, бақан бармақты көк өрімдер еді» [11, 226] – деп беріледі. Қазақ тіліндегі аудармада түпнұсқадағы барлық анықтауыштар қалдырылмай берілген. Сонымен бірге, Жүсіпбек Аймауытов аналог табу әдісімен аударған, яғни, барлық анықтауыштарды сөзбе-сөз аудармай, қазақ тіліндегі мағыналары сәйкес келетін теңеулердің аналогтарын беріп аударған.

Аударма бір тілдегі шығарманың екінші тілдегі түпнұсқа орнына жүретін мәтін деп қарастырылғанымен, түпнұсқа мен аударма арасындағы толық сәйкестік ешқашан орындалмайды. Ол аудармашының мәтін таңдау, түсініктер енгізу (тарихи-әлеуметтік кезеңдерге байланысты), аналогтар табу, қысқарту,

қосу, ішкі интонация, қабылдаушы дәрежесі сынды аударма барысында іске қосылатын психологиялық процесстер мен аудармашы жұмысының автор немесе оқырман түсінігіне бағытталуы сияқты ерекшеліктері қосылып, түпнұсқаны белгілі бір дәрежеде өзгеріске ұшыратады.

Аудармада түпнұсқадағыдай кейіпкердің баяндаушылық мәнері сақталады. Оған аудармашы тарапынан құрылымдық өзгерістер енгізілмейді. Аудармашы мәтінді түсініктірек ету үшін кейіпкер сөзіне қосылып, мәтін арасына түсінік енгізу, тұтас ойлар қосу, қосымша ақпарат кіріктірмейді. Кейіпкер өз басынан кешкен оқиғаны айтуы арқылы шығарманың реалистік қасиетін айқындап, оқиғаға деген оқырманның сенімін арттыра түседі.

Ж. Аймауытұлы кейіпкер-баяндаушыны енгізу көркем тәсілін өзінің төл шығармаларына да кеңінен қолданды. Автордың «Ақбілек» романында реалистік бейне жасауда осы тәсілді ол Ақбілектің өз басынан өткен оқиғаларын Кәмиләға айтып беруі кезінде қолданатынын байқауға болады. Романда да бірінші жақтан айтылатын «әңгіме» құрылымы қолданылған. Онда Ақбілек пен Кәмилә бір-біріне өз өмір тарихын баяндайды. Бұл тәсіл ойды өз кезегінде барлығы аян, барлығын байқап отыратын баяндаушы тұрғысынан айтқаннан гөрі, кейіпкердің өз көкірек көзімен, түсінігімен баяндауы арқылы бейненің жеке қасиеттерінің ерекшелігін, олардың шынайылығын арттыра түсуге ұтымды пайдаланылған.

Жүсіпбек Аймауытұлының Джек Лондоннан аударған екінші әңгімесі – «The unparalleled invasion» – «Теңсіз, телегей аттаныс», орысшасы «Беспримерное нашествие». Бұл әңгіменің де орысша нұсқасы жоғарыда аталған кітапта басылған. ДЖ. Лондонның «Теңсіз, телегей аттаныс» әңгімесін аудару барысында да аудармашы түпнұсқадағы ұғымдарға қазақ ұлттық ұғымдарынан аналогтар табу тәсілін кеңінен қолданады. Мысалы, «But in a short time secrecy was thrown to the winds» [9, 18]. Орыс тілінде: «Но в короткое время тайна была раскрыта всему миру» [10, 41] – деп, еш кемшіліксіз аударылған. Қазақ тілінде: «Жапан желегін сыпырған келіндей, көп сырын сыртына шығарды» [11, 248] – деп сәтті берілген. Ж. Аймауытұлы аудармасында түпнұсқаны жай ғана, сөздіктегі аудармасы бойынша ғана емес, түпнұсқаның мәні мен мағынасын түсінгеннен кейін сол мағынадан ауытқымайтын әрі, бейнелі, көркем құралдардан сәйкес тіркестерді тауып аударады. Тағы бір мысалға қарайық: «The Japanese-Russian War took place in 1904, and the historians of the time gravely noted it down that event marked the entrance of Japan into the comity of nations» [9, 16]. Орыс тілінде мәтін: «Японско-русская война была в 1904 году и историки того времени отметили это явление как вступление Японии в мировое сообщество наций» [10, 48] – деп сәтті беріледі. Қазақ тілінде де еш алып-қосударсыз толық әрі, балама аударылған: «Орыс пен Жапан соғысы 1904 жылы болды. Сол кезде-ақ тарихшылар бұл соғыс Жапанның елдігін

көрсеткені, таралғысын тартқаны деп топшылап еді» [11, 246]. Жалпы мұндай сәтті аудармаларды қазақ тіліндегі мәтіннің өн бойынан табуға болады.

Әңгіме жазушының деректі мәнерде баяндауына құрылған. Композициясы қазақ тілінде ауыз әдебиетінен бері келе жатқан «тарихи әңгімеге» жақын болғандықтан, аудару барысында жеңілдік тудырады. Себебі, аудармалар жарыққа шыққан кезең кәсіби прозаның енді-енді аяғынан нық тұрып келе жатқан кезеңі болды. Ал оқырман қауым әлі де болса ауыз әңгімелеріне жақынырақ болды, әрі тез қабылдады. Сондықтан да, бұл әңгіменің құрылымы мен тілі оқырман түсінігіне жеңіл. Ал идеясы аудармашының мақсатына сай. Деректі стильге сай, әңгімедегі деректер толық берілген. Аударма көлемге-көлем шыққан. Мәтінде жиі кездесетін ел атаулары қазақ тіліне транслитерация арқылы беріледі. Мысалы, Қытай, Әмерике, Ресей, Жапан, Манжүрия, Карей, Жаңа Зеландия, Абыстралия, Түстік Апырике, Англие, Пырансие, Германияе, Абыстрие, Искандинау, Түркие, Гретсие, Непал, Бутан, Сыйам, Үндістан, Ауған және т.б.

Дж. Лондон шығармасының идеялық мақсаты – капиталистік елдердің озбырлығын таныту, меңгерген өнер-білімді, ғылым жолында жеткен жетістіктерін соғыс жолына жұмсайтындықтарын сынау. Автор ойының мақсатын Ж. Аймауытұлы да сақтайды. Аталған аударманың жасалған кезеңіне қарасақ (қазақ әдебиетіндегі ағартушылық-демократиялық кезең), өнер-білімнің күш-құдіретінің орасан зор екенін оқырманға таныту мақсатына сай аударылған десек қателеспейміз. Аудармашы осы арқылы әңгіменің танымдық жақтарына да мән бергендіктен, мәтіндегі ғылыми түсініктер мен ресми ел атауларына аса мұқияттылықпен келгеніне жоғарыдағы мысалдар дәлел. Қазақ оқырманына көзтаным емес ұғымдарға түсінік беріп отырған. Мысалы, «Кеме келетін теңіздердің сертті портына (порт – теңізде кеме тоқтайтын орын). Қытайдың сауытты кемелері келіп көрген емес» [11, 249]. Жалпы түсінік беру 1920 жылдар аударма еңбектерінің бәріне тән құбылыс.

Бұл әңгіменің желісі Қытайдың батыстық әскери өнерді, өнеркәсіпті үйренгеннен кейін еңбекшілігінің арқасында жақсы тұрмыс кешіп, халқының санының күрт өскендігін, сөйтіп маңайындағы елдерді майдансыз-ақ басып ала бергені жайлы баяндалады. Өздерінің отар елдерінің аумақтарына қауіп төне бастағанын сезген Америка, Франция бастаған Еуропа елдері Қытайға әскерін төгеді. Әскери өнерді жетік меңгерген, санында шек жоқ Қытай оларды жер жұтқандай тып-типыл қыла береді. Қытаймен соғысып жеңе алмасын түсінген Батыс елдері кеңес құрып, ақыры Қытай аспанынан ұшақпен ұшып жүріп ішінде ауру тарататын шыбын-шіркейі бар шыны түтіктерді тастап, аумағынан бір адамды шып шығармай, екі айда тып-типыл қылып құртқанын баяндайды.

Нәтижелер. Алаш кезеңінде жасалған Дж.Лондон әңгімелерін талдау нәтижесінде мынадай ғылыми тұжырымдарға қол жеткізілді:

- Қазақ және ағылшын тілді әдебиеттегі көркем әңгіменің дамуындағы кейбір ортақ заңдылықтар мен ерекшеліктер анықталды;
- ағылшын тілді әдебиеттен аударылған әңгімелер алғаш рет жанрлық тұрғыдан жүйелі қарастырылды;
- Ж. Аймауытұлы аудармаларында сәйкестік және балама тәсілдерді қолданғаны көрсетілді.

Ағылшын тілді әдебиеттен қазақ тіліне әңгіме жанрының бірінші аударылуының бір себебі, біріншіден, сол кезеңдегі қазақ баспасөзінің жоғары деңгейде дамуымен тығыз байланысты. Әңгіме жанрының көлемінің қысқалығы, нарративтік қасиеті, әлеуметтік, рухани, саяси мәселелерді күнтәртібіне тез қоя білетін ширақ жанр болуы болса, екіншіден, әңгіме жанрынан үлгілердің аударылуы ұлттық әңгіменің дамуына да зор ықпал етті. Себебі, ХХ ғасырдың ба кезінде қазақ әдебиетінің өз ішінде де әңгіме жанры ерекше қарқынмен, қызығушылықпен дамып жатты [12, 157]. Осы орайда, профессор Н. Джуанышбеков «бейнелеуіш тәсілдерден, әдеби бағыттардан, стильдерден тек пен жанрлардан, сюжеттік-композициялық жүйелерден, көркем бейнелерден, бейнелеуіш құралдардан, типологиялық ұқсастықтар мен параллельдерді іздеу, зерттеліп отырған ұлттық әдебиеттің ерекше қасиеттерін немесе оның жоғары құндылықтарын түсіну үшін жемісті жол болып табылады. Бұл арқылы зерттеліп отырған әдеби құбылыстардың маңызын объективті бағалауға және әдебиеттердің дамуындағы ортақ қасиеттер мен айырмашылықтарын әлем әдебиетінің дамуы аясында бағалауға мүмкіндік бар» [13, 49] – дейді. Демек, әдебиеттегі жанрларды аударудың өзіндік ерекшеліктері бар, әрі осы аудармаларды зерттеу әдебиеттердің арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды тануға мүмкіндік береді. Америка әдебиетінде де, қазақ әдебиетінде де 20-30 жылдар реализм ағымының дамуындағы ерекше кезең. Бұл кезеңге әсіресе, көркем әдебиетте адамның әлеуметтік, қоғамдық қарым-қатынастарын бейнелеуде психологиялық талдау әдісін қолдану тән. Осы кезеңде қазақ әдебиетінде де психологиялық талдау әдісі меңгеріліп жатты. Демек, бұл әдіс қос әдебиетте де әңгіме жанрында көркем шындықты бейнелейтін саналы эстетикалық қағида ретінде орнықты [4, 47].

«Дискурсивная личность автора проявляется в многочисленных стилистических особенностях текста, которые переводчику необходимо адекватно передать на переводящем языке. Переводчик как представитель той или иной культуры порождает гармоничный текст с сохранением всех исходных смыслов» [14, 121]. Демек, кәсіби аудармашы белгілі бір мәдениеттің өкілі ретінде барлық бастапқы мағыналарды сақтай отырып, үйлесімді мәтін жасайды. Бұл тұрғыдан келгенде Ж. Аймауытұлы, Джек Лондонның көркем сөз саптау стиліне нұқсан келтірмей, аналог табу арқылы балама аударып, түпнұсқаның түпкі мәнін бере білген. Аударманы орыс тілі арқылы жасаса да,

керісінше, көркем теңеулер жағынан, Ж. Аймауытұлының аудармасы ағылшын тіліндегі түпнұсқаға орыс тіліне қарағанда жақын түскен. Ж. Аймауытұлы әңгімелерді таңдауда олардың идеологиялық қабатына басым мән берген. Аудармашы ретінде қазақ өмірінің мүддесін, мұңын шағатын әңгімелерді аударып отырған. Ол аударылатын әңгімелерді өз шығармашылық қызығушылықтарына сай таңдаған. Ж. Аймауытұлының Дж. Лондоннан аударған әңгімелері оның ақын, жазушы, қоғам қайраткері ретіндегі өз шығармашылығында кең орын алған білім-ғылым, саяси озбырлық тақырыбымен ұштасып жатты.

1925 жылы аударылған Дж. Лондонның бұл әңгімелері Америкада кеңінен танымал болған. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары Дж. Лондон әлемдік әдеби ортада танылып, аударылып, таралып жатты. Қазақ тіліне де осы автордың шығармаларының аударылуы, оған деген қызығушылықтың мол болуы – қазақ ұлттық әдеби байланыстарының жан-жақты болуының, американ әдебиетімен синхронды әдеби байланыста болғандығының куәсі. Сонымен қатар, ағылшын әдебиетінен өзге орыс және Батыс әдебиетінен де молынан аударылып отырған өз әдебиетімізде де сиясы кеппеген әңгімелердің жазылуы ұлттық әдебиеттің әлем әдебиетінің даму үдерісімен тығыз байланыста болғанын дәлелдей түседі.

Қорытынды. Қорытындыласақ, XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары қазақ әдебиетінде де әңгіме жанры ерекше жылдам әрі сапалы дамыды [15, 26]. Оны дамытқан тұлғалар Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, М. Әуезов, Б. Майлыұлы. Олардың ең құнды, шебер әңгімелерінің дүниеге келуі де осы кезең. Байыппен қараған адам, қазақ аударматануы тарихындағы көркемдік деңгейі жоғары, кәсіби бағытта жасалған аудармаларды дәл осы авторлардың қаламынан шыққанын көре алады. Бір жағынан, әңгіме жанрын аудару – қазақ ұлттық прозасына үйрену мектебінің де қызметін атқарған.

«Аударманың мақсаты қабылдаушы тарапқа түпнұсқаның мәтіні мен мәдениетін сақтай отырып жүзеге асыру. Аударма қарапайым ақпарат алмасуды қамтитын қызмет. Мүмкіндігінше аудармашы түпнұсқа тіліндегі сөздік қорды сақтап, әдеби нормаға сәйкестендіру қажет» [16, 121]. Бұл тұрғыдан алғанда, Ж. Аймауытов түпнұсқадағы ақпараттарды дәл бере отырып, әдеби шығарма жасай алған. Сондай-ақ, «аудармашы түпнұсқаның ономотопеялық дыбыстық әсерлерін, ой, сөз екінін сақтаса, оқырмандарға өзге ұлттың психологиясын сезінуге мүмкіндік береді» [17, 12]. Демек, аталған аударма арқылы алаш баласы Лондон халқының өзіндік ерекшеліктерімен таныса алады.

Бұл мақалада біз Америка әдебиетінен тұңғыш рет қазақ тіліне аударылған Дж. Лондонның әңгімелерін талдадық. Аударма әдебиеттерді байланыстырушы сала. Сондықтан да, оны зерттеу арқылы әдеби байланыстардың әдебиеттің дамуына қалай әсер еткенін де бақылай аламыз.

Осыған орай, келешекте, Америка, Англия әдебиеттерінен әр кезеңдерде аударылған әңгімелерді де талдау әдебиетімізге аса қажет.

Аударманы зерттеудің жанрға қатысты әдіс-тәсіліне сүйене отырып, келешекте өзге де әңгімелердің аудармаларын өзара салыстыра-салғастыра зерттесе, әрине, аударма траекториясының сипаты анықтала түсер еді.

«Қазіргі өркениет заманында әлем халықтарының ұлы тұлғаларын аударма арқылы таныту қажеттілігі барған сайын артып келеді десек, ол ең алдымен аудармашылардың еңбегі арқылы жүзеге асып отыр» [18, 67]. Осы орайда, алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріне назар аударып, мән-мазмұнының талдасақ, адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды бағамдай аламыз.

Әдебиеттер

1. Комиссаров В. Теория перевода. – М.: Высшая школа, 1990. – 250 с.
2. Әуезов М. «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы. // М.Әуезовтың он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, Т. 11. 1969. – 173-181 бб.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
4. Түсіпова Г.Б. Ағылшынтілді әңгімелерді қазақ тіліне аудару тәжірибесі. – Павлодар: Ареал, 2012.– 135 б.
5. Есембеков Т., Әбдірәсілқызы А. // Ежелгі әдеби мәтіндерді қазақ тіліне аудару мәселелері. //Аударма теориясы мен тәжірибесінің және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Республикалық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2006.– 19-39 бб.
6. Гачев Г.Д. Неминуемое: Ускоренное развитие литературы. – М.:1989. Доступ в электронной библиотеке ИМЛИ РАН: <http://biblio.imli.ru/index.php/teor-litr/325-Gachev-GD-Neminuемое-Uskorennoe-razvitiie-literatury>
7. Бахтин М.М. Проблема текста // Бахтин М.М. Собрание сочинений. – М.: 1997. <http://www.infoliolib.info/philol/bahtin/probltext.html>
8. Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. (Начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998.– 394 с.
9. London J. The Strength of the Strong. https://en.wikisource.org/wiki/The_Strength_of_the_Strong/The_Strength_of_the_Strong.
10. Лондон Дж. Сила сильных. – М.: Наследие, 1924. – 45 с.
11. Лондон Дж. Күштілердің күші. – Алматы: Ғылым, Т. 2. 1997. – 272 б.
12. Нурғали Р. Алашординцы: Алаш и литература. – Алматы: Алаш, 2004. – 280 с.
13. Джуанышбеков Н. Перевод как форма рецепции в сравнительном литературоведении. //Аударма теориясы мен тәжірибесінің және

салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Республикалық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2006. – 202-208 бб.

14. Богомолова А.В., Горшкова В.Е. Дискурсивная личность автора памфлета в переводческом аспекте // Вестник Московского университета. Серия 22. Теория перевода, 2022. № 4. С. 108–128. DOI: 10.55959/MSU2074-6636-22-2022-4-108-128

15. Әбішева Ш.С. Ж.Аймауытов прозасындағы диалогты қолдану шеберлігі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.10.01.02. – Алматы, 2005. – 24 б.

16. Нелюбова Н. Ю. Роль лингвокультурного фактора при переводе французской и русской деловой интернет-переписки / Н. Ю. Нелюбова, А. В. Гурова // Theoretical and Practical Issues of Journalism, 2018, vol. 7, no. 1, pp. 100 – 119. DOI: 10.17150/2308-6203.2018.7(1).100-113

17. Миньхуэй Суй., Тингтин Чен. Rupkatha Journal, Vol. 14, Issue 1, January-March, 2022, Pages 1–12. DOI: <https://doi.org/10.21659/rupkatha.v14n1.04>

18. Дәуренбекова Л., Батан С. Абай Құнанбайұлы – мысал жанрын аудару шебері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №2 / 2022. – Б. 59-65. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-2.06>

Г.Б. ТУСИПОВА

Абердинский университет, Абердин, Великобритания

Л.Н. ДАУРЕНБЕКОВА

Евразийский гуманитарный институт имени А.Кусаинова, Астана, Казахстан

ПЕРЕВОД В ПЕРИОД АЛАША: Ж. АЙМАУТОВ – ПЕРВЫЙ ПЕРЕВОДЧИК РАССКАЗОВ ДЖ. ЛОНДОНА НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК.

Аннотация. Художественный перевод, несомненно, является фундаментом сравнительного литературоведения, поэтому существует необходимость систематического изучения их взаимосвязи. Как бы ни была ценна мысль на родном языке, выраженная на языке оригинала, достаточно сложно перевести ее на другой язык, сохранив ее содержание, смысл и формальные значения. Как известно, работа переводчика имеет множество аспектов, таких как психологический, литературный, лингвистический, социальный. Также переводчику необходимо максимально достоверно передать информационный фон, который есть в оригинале, т.е. национальные специфические понятия; концепции, связанные с ментальной психологией, жанровой спецификой, отношением произведения к литературному течению и направлению, его особенностями в языке перевода и т.п. с учетом основ, специальным исследованием вариантов рассказов, переведенных с английского

на казахский язык в разное время, то есть с учетом критических требований времени, пытаюсь определить цель перевода, степень эквивалентности и соответствия между оригинальным и переведенным текстами, соотношением позиции автора и переводчика, при этом цель и заинтересованность в применении принципов перевода, их научная и практическая ценность имеют важное значение. В статье сравниваются два рассказа Дж. Лондона, переведенные Ж. Аймауытовым на казахский язык, с оригиналом; исследуется точность перевода, методы, используемые переводчиком при передаче замысла автора.

Ключевые слова: казахское переводоведение, перевод в период Алаша, жанровый перевод, казахско-американская литературная связь, перевод рассказов на казахский язык, американские рассказы, Дж. Лондон, Ж. Аймауытов.

G.B. TUSIPOVA

University of Aberdeen, Aberdeen, UK

L.N. DAURENBEKOVA

A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan

TRANSLATION IN THE ALASH PERIOD: J. AIMAUVUTULI IS THE FIRST TRANSLATOR OF J. LONDON'S STORIES INTO KAZAKH LANGUAGE

Annotation. Literary translation is undoubtedly the foundation of comparative literary studies, therefore there is a need for a systematic study of their relationship. No matter how valuable an idea in the native language expressed in the original language is, it is quite difficult to translate it into another language preserving its content, meaning and formal meanings. As you know, the work of a translator has many aspects, such as psychological, literary, linguistic and social. Also, the translator needs to convey as reliably as possible the information background that is in the original, i.e. national specific concepts; concepts related to mental psychology, genre specifics, the relation of the work to the literary current and direction, its features in the translation language, etc. taking into account the basics, a special study of variants of stories translated from English into Kazakh at different times, that is, taking into account the critical requirements of the time trying to determine the purpose of translation, the degree of equivalence and correspondence between the original and translated texts, the ratio of the position of the author and the translator, while the purpose and interest in the application of the principles of translation, their scientific and the practical value is important. The article compares two stories by J. London translated by Zh. Aimaurov into Kazakh with the original; the accuracy of the translation, the methods used by the translator when transmitting the author's idea are investigated.

Keywords: Kazakh translation studies, translation in the Alash period, genre translation, Kazakh-American literary connection, translation of stories into Kazakh, American stories, J. London, J. Aimautov.

References

1. Komisarov V. Teoria perevoda. – M.: Vysshaia shkola, 1990. – 250 s.
2. Äuezov M. «Evgeni Oneginniñ» qazaqsasy turaly. // M. Äuezovtyñ on eki tomdyq syğarmalar jinağy. – Almaty: Jazuşy, T. 11. 1969. – 173-181 bb.
3. Qabdolov Z. Söz öneri. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992. – 352 b.
4. Tüsipova G.B. Ağylsyntıldı äñgimelerdi qazaq tiline audaru täjiribesı. – Pavlodar: Areal, 2012.– 135 b.
5. Esembekov T., Äbdıräsılqyzy A. // Ejelgi ädebi määtinderdi qazaq tiline audaru mäseleleri. //Audarma teoriasy men täjiribesiniñ jäne salystyrmaly ädebiattanudyñ özekti mäseleleri: Respublikalyq ğylymi teorialyq konferensia materialdary. – Almaty, 2006.– 19-39 bb.
6. Gachev G.D. Nemiuemoe: Uskorennoe razvitie literatury. – M.:1989. Dostup v elektronnoi biblioteke İMLİ RAN: <http://biblio.imli.ru/index.php/teor-litr/325-Gachev-GD-Nemiuemoe-Uskorennoe-razvitie-literatury>
7. Bahtin M.M. Problema teksta // Bahtin M.M. Sobranie sochineni. – M.: 1997. <http://www.infoliolib.info/philol/bahtin/probltext.html>
8. İsmakova A. Kazahskaia hudojestvennaia proza. Poetika, janr, stil. (Nachalo HH veka i sovremenost). – Almaty: Ğylym, 1998.– 394 c.
9. London J. The Strength of the Strong. https://en.wikisource.org/wiki/The_Strength_of_the_Strong/The_Strength_of_the_Strong.
10. London J. Sila silnyh. – M.: Nasledie, 1924. – 45 s.
11. London J. Küştilderdiñ küşı. – Almaty: Ğylym, T. 2. 1997. – 272 b.
12. Nurgali R. Alaşordinsy: Alaş i literatura. – Almaty: Alaş, 2004. – 280 s.
13. Juanyşbekov N. Perevod kak forma resepsii v sravnitelnom literaturovedenii. //Audarma teoriasy men täjiribesiniñ jäne salystyrmaly ädebiattanudyñ özekti mäseleleri: Respublikalyq ğylymi teorialyq konferensia materialdary. – Almaty, 2006. – 202-208 bb.
14. Bogomolova A.V., Gorškova V.E. Diskursivnaia lichnost avtora pamfleta v perevodcheskom aspekte // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seria 22. Teoria perevoda, 2022. № 4. S. 108–128. DOI:10.55959/MSU2074-6636-22-2022-4-108-128
15. Äbişeva Ş.S. J.Aimautov prozasyndağy dialogty qoldanu şeberligi: filologia ğylymdarynyñ kandidaty ğylymi дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasiyanyñ avtoreferaty.10.01.02. – Almaty, 2005. – 24 b.
16. Nelübova N. İu. Röl lingvokültürnogo faktora pri perevode fransuzskoi i ruskoj delovoi internet-perepiski / N. İu. Nelübova, A. V. Gurova // Theoretical and

Practical Issues of Journalism, 2018, vol. 7, no. 1, pp. 100 –119. DOI: 10.17150/2308-6203.2018.7(1).100-113.

17. Minhuei Süi., Tingtin Chen. Rupkatha Journal, Vol. 14, Issue 1, January-March, 2022, Pages 1–12. <https://doi.org/10.21659/rupkatha.v14n1.04>

18. Däurenbekova L., Batan S. Abai Qūnanbaiūly – mysal janryn audaru şeberi. // Eurazia gumanitarlyq institutygnyñ habarşysy. №2 / 2022. – B. 59-65. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-2.06>

Авторлар туралы мәлімет:

Түсіпова Гүлшат Бақытжанқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Абердин университетінің докторанты, Абердин, Ұлыбритания.

Тусипова Гүлшат Бакытжановна – кандидат филологических наук, докторант Абердинского университета, Абердин, Великобритания.

Tusipova Gulshat Bakytzhanovna – candidate of philological sciences, doctoral student university of Aberdeen, UK.

Дәуренбекова Лаура Ноғайбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

Дауренбекова Лаура Нугайбековна – кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусайнова, Астана, Казахстан.

Daurenbekova Laura Nugaibekovna – candidate of philological sciences, associate professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Kazakhstan.